

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ**

**№ 3 ХАТТАМА
Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысы**

2025 ж. 12 қараша

Қостанай қ.

Төраға – оқу-әдістемелік орталығының бастығы полиция подполковнигі А.Н. Медведева.

Хатшы – оқу-әдістемелік орталығының оқытушы-әдіскері полиция капитаны М.Ғ. Ғалымбек.

Қатысқандар: 15 адам (тізімі қоса берілген).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кәсіби даярлық факультетінің 3 курс докторанттарының тағылымдамадан өту қорытындылары туралы.

Кәсіби даярлық факультетінің аға
оқытушы-әдіскері полиция подполковнигі
Л.Т. Кинжебаеваның баяндамасы

2. Кәсіби даярлық факультетінің 2 курс докторанттарының педагогикалық практикадан өту қорытындылары туралы.

Кәсіби даярлық факультетінің аға
оқытушы-әдіскері полиция подполковнигі
Л.Т. Кинжебаеваның баяндамасы

1. ТЫҢДАЛДЫ:

А.Н. Медведева: оқу-әдістемелік кеңестің отырысында жоспарланған екі мәселені қарастыру қажет екенін хабарлады. Кәсіби даярлау факультетінің бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі Е.С. Акимжановтың уақытша еңбекке жарамсыз болуына байланысты осы мәселелер бойынша ақпаратты кәсіби даярлық факультетінің аға оқытушы-әдіскері полиция подполковнигі Л.Т. Кинжебаева ұсынады.

Л.Т. Кинжебаева: МЖМБС-ның 22 және 73-тармақтарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысы шеңберінде магистранттар мен докторанттардың инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда, оның ішінде докторанттарға шетелде ғылыми тағылымдамадан міндетті түрде өту көзделетінін атап өтті.

2023 жыл қабылданған 3 курс докторанттарының тағылымдамасы 2025 жылдың 15 қыркүйек пен 12 қазан аралығында оқу үдерісінен үзіп, 5 семестрде өткізілді.

3 курс докторанттары полиция полковнигі Н.Ж. Темиргалиев, полиция майоры Д.К. Темирканова 2025 жылдың 15 мен 28 қыркүйегі аралығында

3. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінде заң ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жалыбиннің жетекшілігімен тағылымдамадан өтті.

3 курс докторанты полиция майоры Д.К. Темирканованың тағылымдамасының екінші кезеңі 2025 жылдың 29 қыркүйегі мен 12 қазаны аралығында Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің отбасылық - тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес басқармасында тағылымдамадан өтуді көздеді.

3 курс докторанты полиция полковнигі Н.Ж. Темиргалиевтің тағылымдамасының екінші кезеңі 2025 жылдың 29 қыркүйегі мен 12 қазаны аралығында Қостанай облысы полиция департаментінің тергеу басқармасында тағылымдамадан өтуді көздеді.

Докторанттардың тағылымдамасы бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес өтті. Нәтижелері бойынша есептер, сипаттамалар дайындалды, нәтижелер кафедра отырысында қаралды, тағылымдаманы қорғау хаттамасы жасалды. Барлық докторанттар тағылымдаманы қорғау бойынша қанағаттанарлық балл алды.

Сізден кәсіби даярлық факультетінің 3 курс докторанттарының тағылымдамадан өту қорытындыларының материалдарын мақұлдауыңызды сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.Н. Медведева, әріптестер, сұрақтар немесе толықтырулар бар ма? Егер сұрақтар болмаса, дауыс беруге көшулеріңізді сұраймын.

А.Н. Медведева дауыс беруге шығарады: "қолдады" - 14, "қарсы" - 0, "қалыс қалғандар" - 0.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Кәсіби даярлық факультетінің 3 курс докторанттарының тағылымдамадан өту қорытындыларының материалдары мақұлданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Л.Т. Кинжебаева: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының академиялық саясатына, Академия бастығының 2025-2026 оқу жылына бекітілген 2025 жылғы 6 қазандағы бұйрығына сәйкес кәсіби даярлық факультетінің 2 курс докторанттарының педагогикалық практикадан өткізу жоспарланған. МЖМБС 71-тармағына сәйкес педагогикалық практика оқыту мен оқыту әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

Педагогикалық практикаға байланысты кәсіби даярлық факультеті қажетті құжаттардың үлгілерін дайындады: практикадан өту күнделігі, есеп, мінездеме, практикадан өту жоспары, педагогикалық практиканы қорғау хаттамасы.

Академиялық күнтізбеге сәйкес, 2024 жылы қабылданған 2 курс докторанттарының педагогикалық практикасы 2025 жылдың 15 қыркүйегі мен 12 қазаны аралығында оқу үдерісін үзіп, 3 семестрде өткізілді. Ағымдағы жылдың 13 - 19 қазаны аралығында педагогикалық практиканы қорғау.

Академия бастығының 2025 жылғы 05.09. № 127 Бұйрығымен саны 3 адамнан тұратын 2 курс докторанттары қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасына бекітілді.

Педагогикалық практика докторанттардың бекітілген жеке жоспарына сәйкес өтті. Тәжірибе нәтижелері бойынша есеп, тәжірибе күнделігі, тәжірибе жетекшісінің сипаттамасы жасалды. Нәтижелер педагогикалық практиканы қорғау хаттамасын жасай отырып, кафедра отырысында қаралды. Барлық докторанттар педагогикалық практиканы қорғау бойынша қанағаттанарлық балл алды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.Н. Медведева: педагогикалық практикадан өту кезінде докторанттар тарапынан бұзушылықтар болды ма?

Л.Т. Кинжебаева: педагогикалық практикадан өту кезінде 2 курс докторанттары тарапынан бұзушылықтар болған жоқ.

Н.А. Тулкинбаев: растайтын құжаттардың барлығы болуы үшін тағы бір рет жеке жоспарларды, есептерді, сипаттамаларды, күнделіктерді тексеріңіз, қолтаңбаларды, мөрлерді, күндерді қараңыз.

Л.Т. Кинжебаева: жақсы, қабылданды. Тағы да бір рет тексереміз.

А.Н. Медведева: басқа да сұрақтар немесе толықтырулар бар ма? Егер сұрақтар болмаса, дауыс беруге көшулеріңізді сұраймын.

А.Н. Медведева дауыс беруге шығарады: "қолдады" - 14, "қарсы" - 0, "қалыс қалғандар" - 0.

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Кәсіби даярлық факультетінің 2 курс докторанттарының педагогикалық практикадан өту қорытындыларының материалдары мақұлданын.

ТЫҢДАЛДЫ: А.Н. Медведева: Құрметті әріптестер, отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер толық қаралды. Сұрақтар, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер толықтырулар болмаса, оқу-әдістемелік кеңестің отырысын жабық деп жариялаймын.

Төраға:

полиция подполковнигі

А. Медведева

Хатшы:

полиция капитаны

М. Ғалымбек